

НАЗАРБАЕВТАЙ БОЛҒЫМ КЕЛЕДІ

УДК 821.512.122-93

ББК 84 (5қаз)

З-46

Зенькович Н.А.

З-46 Назарбаевтай болғым келеді. Президенттің балалық шағы туралы әңгімелер. – Кіші және орта жастағы балаларға арналған. – Алматы: Алматыкітап баспасы, 2018 ж. – 124 бет
Орыс тілінен аударған Қанат Қайым

ISBN 978-601-01-3774-5

Николай Александрович Зенькович – көрнекті тұлғалар туралы деректі шығармалары он бес тілге аударылған белгілі мәскеулік жазушы. Кітап – өмірі өскелең ұрпаққа үлгі Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың балалық шағы туралы әңгімелейді.

Кітаптың тәрбиелік маңызы жоғары. Автор кейіпкерінің балалық шағында басынан кешкен жеке-леген оқиғалар жайлы әңгімелей отырып, ол оқиға оның дамуына қалай әсер еткеніне, ықпалды және беделді тұлғаға тән қасиеттерді қалай қалыптастырғанына баса назар аударады.

Кітап кіші және орта жастағы мектеп оқушыларына арналған. Жас оқырман бойында патриотизм, өз Отаны, оның Көшбасшысы үшін мақтаныш сезімін тәрбиелеп, жас жеткіншекті сол кісіге еліктеп өсуге жетелейді.


УДК 821.512.122-93

ББК 84 (5қаз)

ISBN 978-601-01-3774-5

© Зенькович Н.А., 2018

© «Алматыкітап баспасы» ЖШС, 2018



Николай ЗЕНЬКОВИЧ

НАЗАРБАЕВТАЙ БОЛҒЫМ КЕЛЕДІ

Президенттің балалық шағы туралы әңгімелер



АЛМАТЫКІТАП БАСПАСЫ

2018

ҚАРАСАЙ БАТЫР

Нұрсұлтанның бала кезінде үй ішіндегілер оны Сұлтан деп атайтын.

Түнгі ұйқыға жатар алдында ол әжесіне: «Маған Қарасай батыр туралы айтып беріңізші», – деп сұрайтын.

Ол осы сәтті әркез асыға күтетін. Көп ұзамай рахатқа бөленер осындай шақ та келіп жетер еді...

Мырзабала әжесі атақ-абыройы әйгілі бабалары туралы небір аңыз-әңгімелерді жалықпай айтатын. Ол кісінің әңгімелеу шеберлігі соншалықты, айтылған оқиға баланың көз алдынан тізбектеліп өтіп жататын. Солардың барлығы немересінің бала қиялы арқылы шынайы суретке айналатын.

– Қарасай батыр ерен қолбасшы болған, – деп бастайды әңгімесін әжесі. – Оны жоңғарлар да, басқа қарсыластары да жеңе алмаған. Оның әскері жақындап қалғанын естігенде, өрт қуалағандай үріккен жаулары жансауғалап қашады екен.

– Ал олар оның Қарасай батыр екенін қайдан білген? – деп сұрайды Сұлтан.

– Ол дегенің өзге әңгіме. Айтып берейін бе?

– Әрине, айтыңыз, айтыңызшы! – Көрпе астындағы немересі шыдамсыздана тыпырлайды.

– Батырдың өзі мен жауынгерлерінің сауыт-саймандарында да, әскер туында да қасқырдың басы бедерленген.

– Қасқырдың басы? Ол не үшін?

– Бағзы заманда, біздің ата-бабамыз өмір сүрген ерте кездерде біздің жерімізге бөтен тайпалар тұтқиылдан шабуыл жасаған. Сөйтіп, қыран-кескі шайқас болады. Сол соғыста жасөскін бір жауынгер ауыр жараланып, айдалада жалғыз қалады. Сонда оны көкбөрінің құртқасы* – ұрғашы қасқыр құтқарып қалады. Ол жауынгердің жарасын жалап жазып, асырап-бағып, адам қатарына қосады. Осы жауынгерден туған он баладан ежелгі түркілердің он тайпасы – біздің ата-бабаларымыз тарайды. Солардың бірі – құрамына біздің Шапырашты ұрпақтары кіретін Үйсін тайпасы. Түркі жауынгерінен тараған он ұлдың үрім-бұтағы шапағатты қасқырдың құрметіне тулары мен сауыт-саймандарына көкбөрінің басын бедерлейтін болған. Жауынгерлік ту мен сауыт-саймандағы қасқырдың басы тек түркілерде ғана болғандықтан, оларды ешкіммен де шатастыру мүмкін емес.

– Қасқырдың басы, көкбөрі... – деп қайталады немересі.

– Есқожа руынан шыққан Қарасай біздің батыр бабамыз Шапыраштыға шөбере болып келеді. Екеуі де ержүрек жауынгер болған. Кейінірек Сапы-Саты көлі





жағалауындағы әдемі екі аңғарды халық солардың есімімен атаған. Ал Сүйінбай ақын:

*Үйсіннің бір руы – Шапырашты,
Жауына қасарысқан қаны қас-ты.
Ер туды халқы үшін Қарасайдай,
Қақ жарар атқан оғы қара тасты, –*

деген жыр жолдарын өрген.

– Атқан оғынан тас жарылған ба? Ол қалай? – Сұлтанның құлағы елең етті.



– Қалай деймісің? Тыңда, қазір айтамын! Ол кезде қазақтар көшпенді өмір сүрген. Мал жайылымын ауыстырып, бір жерден екінші жерге көшіп жүрген. Бірде олар тау аңғарындағы биік жайылымға қоныс аударғанда, олардың жерін дұшпандары басып алады. Күндердің күнінде қаскөйлер өздерінің ордасын бетке алып шауып келе жатқан арғымақ тұлпарды байқайды. Ат үстінде адам көрінбейді! Көздерін уқалап жіберіп қарайды: дәл солай, ат үстінде адам жоқ. Тұлпар бас орданы жанамалай шауып өткенде ілулі тұрған тайпаның туы жоқ болып кетеді. Қаскөйлердің көздері атыздай болады: сабымен қоса туды кім жұлып әкетті? Ат үстінде шабандоз жоқ еді ғой!

– Тұлпардың өзі шығар, – деп ойлады Сұлтан. – Бәлкім, ол сиқырлы ат болар?

– Жоқ, тұлпар емес, – деп жымиды әжесі. – Туды ержүрек жеткіншек жұлып әкетті. Оның жасы сол кезде бар болғаны он жетіде болса да, ат құлағында ойнайтын.

– Ат құлағында қалай ойнайды?

– Қазақ шабандоздық өнерді жете меңгерген жігіттерді «ат құлағында ойнайды» дейді. Яғни, желдей ескен арғымақ үстінде таңғажайып өнер көрсететін жігіттерге сондай баға беретін. Ал біздің батырымыз ат бауырына аударылып түсіп, дұшпанға жер соқтырып кеткен.

– Ол Қарасай батыр ма еді? – деді Сұлтан.

– Әрине, одан өзге дұшпанына қар көшкініндей кім үрей туғыза алар еді? Қарасай ат бауырына желімдей жабысып келіп, туды сабымен қоса жерден суырып алды. Содан соң ғана сәйгүліктің үстінде тіктеліп отырады. Жау жағы батыл жігіттің соңынан қуып береді. Сол сәт тасада тұрған, сауыт-сайманында көкбөрінің басы бедерленген жауынгерлер де лап қояды. Сөйтіп, қырғын шайқас басталады да кетеді. Шапқыншылар қан-жоса қырылып, бас сауғалап, Қазақ хандығының жерінен бытырай қашады. Ал Қарасай батырдың есімі оның жігіттерінің жауынгерлік ұранына айналады. Жаугершілік жорықтарда оның жанынан айнымас серігі – қызыл барыс қалмайды екен, жауға бірге шауып, жеңіп шығатын.

– Ал Қарасай батыр содан кейін не істеді?

– Оның атақ-даңқы жарты әлемге жария болды. Ол туралы білмейтін жан кемде-кем еді. Қарасай жоңғар шапқыншылығы тұсында қырғыздарға да, өзге



түркі халықтарына да көмектескен. Оның есімі ауыл мен жайлауға, тау шыңы мен мәуелі аңғарға берілді. Қарасай батыр құрмет-даңққа бөленіп, ұзақ ғұмыр кешті. Оның үрім-бұтақтары өсіп-өніп жатыр. Сұлтан балам, сен де ұлы Қарасайдың сегізінші атадан қосылатын тікелей ұрпағысың. Бұл туысқандықты сен ерекше қадір тұтуың керек.

– Ол кісі шайқаста мерт болмаған ғой, солай ма? – Кішкентай Сұлтанның жанарынан үрей байқалды.

– Жоқ, әрине. Батыр егде тартқанда шайқасқа қатыспаған. Өзінің білімі мен тәжірибесін кейінгі толқынға үйретіп отырған. Қарасай батыр баһадүр қолбасшы ғана емес, бітімшілікке де өте шебер адам болған. Ол қазақ елшілігі құрамында Ресейде болып, орыс князьдарынан қару-жарақ сатып алу жөнінде келісім жасаған, екі ел арасында ынтымақтастық орнатуға атсалысқан.

Сұлтанның әжесі толық аты-жөні Қарасай Алтынайұлы деген атағы мәшһүр баба туралы көптеген аңыз-әңгімелерді айтатын. Ал немересі соның барлығын бар ықыласымен тыңдайтын. Сұлтан есейіп, мектепке барғанда, сосын ер жетіп, ересек болған кезде де тарихи кітаптарды, әсіресе халқына қорған болған қайтпас-қайсар бабасы Қарасай батыр өмір сүрген кезеңді қамтыған оқиғаларды қызыға оқыған.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті
Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың жаужүрек бабасы бүкіл

өмірін майдан даласы мен шайқаста өткізген. Ол 73 жыл өмір сүріп, 1671 жылы көз жұмған.

Қазақ халқының заңғар ұлының есімін өскелең ұрпақ ерекше мақтан тұтады. 1998 жылы батыр бабаның 400 жылдық мерейтойы аталып өтті. Халық ықыласымен жиналған қаражатқа кіндік қаны тамған – Алматы облысының Жамбыл ауданы жерінде батырға ескерткіш қойылды.



«Біз балдәурен – бала шақтан бастап Қарасай туралы аңыз-әңгімелермен сусындап өстік, – деп еске алады Нұрсұлтан Әбішұлы. – Сондықтан халықтың ұлы баба аруағына күні бүгінге дейін тағзым ететініне таңғалуға болмайды».

Атаның мөрі- таңбасы

Нұрсұлтанның мектепте оқып жүрген кезі. Бір жолы балаларды музейге алып барды. Сол жерде оның көзі бір жәдігерге түседі. Ол – мөр еді. Нұрсұлтанның есіне дәл осы мөрді атасының үйінен көргені түсе кетеді. Ал атасы қайтыс болғаннан кейін ол жоғалып кеткен болатын. Міне, сол мөр – музейде тұр! Жоғалмапты.

Қазір бұл мөр Астанадағы зәулім де әсем музейде сақтаулы. Мұнда келген адамдар сол мөр қойылған тақтаның алдында ұзақ аялдайды. Экскурсия жүргізуші мөрдің кімге тиесілі екенін айтып, оның маңызы туралы әңгімелейді.

Бұл мөр Сұлтанның атасы Назарбай Сапақбайұлынікі. Атасының есімі «назар» және «бай» деген екі сөзден құралған. «Назар» сөзі – «ықылас», «ниет», «түсіністік» және «бай» – «ауқатты», «беделді» адам деген ұғымды білдіреді. Ал осы екі сөзден құралған



есім сенімділікке меңзейді. Осы есімді иеленген адамға қашанда арқа сүйеуге, оған қай кезде де сенім артуға болады.

Нұрсұлтанның атасының есімімен «би» сөзі қосақталып, Назарбай би деп аталып келген. Қазақтар қара қылды қақ жара әділдік айтқан дана адамдарды би деп атаған. Әрине, ол кезеңде Қазақстан Кеңес Одағының құрамында болып, билерді ескіліктің қалдығы деп есептеген тұста, «би» сөзінің қадірі болмаған.

Нұрсұлтанның атасы көшпенді кедей отбасынан шыққан. Ол балалық шағынан еңбексүйгіштігімен көзге түсіп, ертелікеш дамыл таппай еңбек істеген. Сол еңбекқорлықтың шапағаты да мол. Оның үй-жайы – тап-тұйнақтай, шаруасы ешқашан шатқаяқтамаған.

Назарбай он саусағынан өнер тамған шебер болған. Тіпті ауылға арық тартып, су диірменін де ұстаған. Ол ауылдағы жалғыз диірмен еді. Осының арқасында ауылдастары өзгеге жалынбай, астығын осы диірменде тартып, ұн етіп алып отырған.

Жұрттың бәрі Назарбайды ақыл-парасаты,





қарапайым мінезі, қайырымдылығы үшін ерекше құрмет тұтқан. Сондықтан да болар, округтік старшындар мен қоғамдық билер, рубасылар сайлауы өткен кезде халық осындай маңызды мансапқа өздері айрықша сыйлайтын Назарбайдың лайық екенін бірауыздан қолдайды.

Нұрсұлтанның атасы жерлестеріне алғысын айтып, сенімдерін адал ісімен ақтайтынына, еңбек адамдарының мүддесін қорғайтынына уәде береді. Өзінің уәкілдігін білдіретін жаңағы мөрді сол кезде алыпты. Ал руластары осы сәттен бастап оны Назарбай би атап кетеді.

Ол ешкімнің атақ-даңқына қарамастан, әділ билік шығарған. Әділдікті жақсы көру мен жек көруден жоғары қойған. Байлығы мен билігі жоғарыларға бас иеген. Өзінің адалдығына ешкім күмән келтірмейтіндей билік айтқан.

Нұрсұлтанның атасының музейге қойылған мөрі сот әділдігінің символы сияқты. Бұл тақтаның алдына заманауи Қазақстандағы заң оқу орындарының студенттері, жас құқықтанушылар жиі

аялдайды. Олар XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында сот әділеттілігін жүзеге асыруға септігі тиген көне жәдігерге айрықша ықыласпен қарайды.

Бірде мен музейге келген жас жеткіншектердің өзара әңгімелерінің куәсі болдым. Өздерінің көз алдындағы жәдігердің Қазақстан Президенті атасының билік мөрі екенін білгенде, олар:

– Міне, көрдіндер ме, біздің Елбасымыздың* әділдікке жаны жақын. Өйткені ол кісі атасына тартқан! – деп таңдай қағысты.

Ал менің ойыма «мөр» сөзінің өзге мағынасы оралды. Мөр – «із» деген сөздің баламасы. Әр адам өзінің атқарған ісімен соңында із қалдырады. Ал Нұрсұлтан Назарбаевтың атасына байланысты әңгіме оның кіндік қаны тамған Үшқоңырдағы «Назарбай алқабы», «Назарбай диірмені» деген атаулар арқылы тайға таңба басқандай әркімнің жадында сақталып қалған.

Әділдік





НЕМЕРЕНІН ЕСІМІ

Теңізшілер арасында «Кемені қалай атаса, ол солай жүзеді» деген сенім қалыптасқан. Сол себепті кемелердің атауы «Шапшаң», «Батыл», «Айбынды» деген сияқты болып келеді.

Қазақ та адам есіміне зор маңыз береді. Әрбір адамның аты терең мазмұнға ие. Нәрестенің есімі ағайын-туыс, көрші-қолаң бас қосқан шілдеhana тойында айтылады. Ал тұжырым жасап, шешім қабылдау – әулеттің ардақты адамына тиесілі.

Әлжан мен Әбіш Назарбаевтардың отбасында сәбиге есім таңдау Назарбай бидің бәйбішесі, өмір есігін ашқан шақалақтың әжесі Мырзабаланың еншісінде болатын.

Қазақта «Жеті атасын білген ер, жеті жұрттың қамын жер» деген тәмсіл бар. Жұрт Қарасай батыр Назарбайдың алтыншы атасы екенін жақсы біледі. Ал оның кенже ұлы

Әбіш – жетінші ұрпақ. Дүние есігін ашқан Әбіштің мына жеткіншегі Қарасай батырдың сегізінші ұрпағы.

Қазақ дәстүрі бойынша, адамның есіміне бөленшенің ұлы деген сөз тіркесі жалғанады. Мәселен, Қарасай Алтынайұлы, яғни Қарасай Алтынайдың баласы немесе Әбіш Назарбайұлы – Әбіш Назарбайдың баласы деген сияқты.

Қазақстан Ресей империясының құрамында болған кезде, шенеуніктер ыңғайлы болуы үшін «ұлы» (баласы) қосымшасын әдеттегі -ов, -ев, -ин жалғауларына алмастырған. Осылайша, қазақтарда нәрестенің бұрынғыдай әкесінің атын иемденетін тектік анықтамасы пайда болған. Сондықтан да Әбіштің ұлының тегі Әбішев болуы керек еді. Ал ол болса – Назарбаев. Неге? Шын мәнінде Назарбай оның әкесінің емес, атасының есімі ғой.

Өйткені кеңестік дәуір тұсында көшпенді қазақтар отырықшылыққа өтіп, елде жалпыға ортақ ереже – тектің атауы бүкіл ұрпаққа мұра болатын паспорттық жүйенің енгізілуіне байланысты халықтың өзіне тән ежелгі дәстүрі үзіліп қалған. Осыған орай Әбіштің



ұлы дүниеге келгенде заңға сәйкес Назарбаев деген текті қабылдаған.

Дүниеге келген нәрестеге қандай есім беру мәселесі елдің бәрін ойландырған. Әсіресе бұл Мырзабала әжесін ерекше толғандырды.

Ол немерелі болуды ұзақ күтті. Ұлы мен келіні қашан немере сүйгізеді деген сауал оны ұдайы мазалайтын. Алайда Әбіш пен Әлжанның отбасын құрғандарына үш жыл уақыт өтсе де, олар сәби сүйе алмай жүрді.

Бес уақыт намазын қаза қылмайтын тақуа әжесі Жаратқан иеден немере сыйлауын жалбарына сұрап, дұға қылудан жалыққан емес.

Олардың қыстағына таяу жерде баһадүр батыр Райымбектің зираты бар еді. Оны елдің бәрі әулие тұтады. Бұл жер ауру-сырқатқа ем, ауыр ойдан арылтатын, егер жан-тәнімен сеніп сұраса, ең бір асқақ армандарға жол ашатын таңғажайып қасиетке ие орын саналып, батыр зиратының басына тәу етушілер үздіксіз ағылып жататын.